

"Сейфуллин оқулары– 14: Жастар, ғылым, инновациялар: цифрландыру - жаңа даму кезеңі » атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 14: Молодежь, наука, инновации: цифровизация - новый этап развития». -2018. - Т.І, Ч.1. - Б.93-94

«БАЯНТАЙ» ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Байтенова А.А., Елеусизова Ж.Б.

«Баянтай» ЖШС 1998 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл селосында құрылған. Оның негізін салған Айыртау ауданының құрметті азаматы - Есенғалиев Сырымбет Қайрөшұлы. Қазіргі таңда Айыртау ауданы мәслихатының депутаты, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды, «Нұр Отан» ХДП, облыстық және аудандық атқарушы органдар басшыларының алғыс хаттарымен және дипломдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хатымен марапатталған (2011 жыл).

Даму динамикасына қарағанда - 1998 жылдан бастап (оның құрылу уақыты) егістік алқабы 1 500 гектардан 16 321 гектарға дейін өсті. Негізгі қызметі - дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ дақылдарын және майлы дақылдарды өсіру. Бұл шаруашылық тұқым шаруашылығының мәртебесіне ие болып, жеке нан пісіру өндірісі құрылды.

«Баянтай» ЖШС-нің астық өсіру технологиясы туралы мақтау сөздер бүкіл Қазақстан бойынша жүріп жатыр. Тіпті, орманды алқапта орналасқан осы ауыл шаруашылық кәсіпорнының егіс алқабы 2010 жылы құрғақшылыққа ұшыраған кезде де гектарына 12 центнерден асып түсті!» деп мәлімдейді «Лучшие люди Казахстана» баспасы. [1]

«Шаруашылық бай өнімді алудың құпиясын жасырмайды. Технология ауыспалы егіске негізделген және тыңайтқыштарды енгізу міндетті болып табылады. Қажет болған жағдайда егістік жерлерді жылына екі рет: егу кезінде және гербицидтерді енгізу кезінде тыңайтуға болады. Бес жылда бір рет соқалар қолданамыз, ал қалған уақыт біз диск тартпаларын пайдаланамыз. Осы операциялардан кейін егістік жер толық демала бастайды. Сондай-ақ, арамшөптердің бәрі тамырымен қоса жойылып кетеді», - дейді шаруашылық директоры Сырымбет Қайрөшұлы. Сонымен қатар, астық дәндерінің сапасы егу мерзіміне де тікелей қатысты.

Астық дәндерінің сапасы мен жұмсақ бидайдың сапасын арттыру бойынша өндірістік тәжірибе жүргізіліп, астық үлгілері бойынша астық протеинінің концентрациясы, геколитрдің салмағы өлшенді. Қорытынды бойынша жұмсақ бидайды егудің оңтайлы уақыты мамыр айы екені тағы көрсетілді. Егер жұмсақ бидайдың пішіні жағынан кіші тұқымдары, клейковинасы төмен тұқымдары мамыр айынан кеш немесе ерте егілетін

болса, сапасы төмен болады. Бұл егістен алынған жұмсақ бидайдың ядролары кішкентай және басқа да сорттармен салыстырғанда дұрыс жетілмеуі ықтимал. Олар эксперименттерде пайдаланылатын басқа да сорттарға қарағанда дәндік протеин концентрациясы 1-1,5% төмендеген. [2]

Осы шаруашылыққа тәжірибе өтуге баратыныма қуаныштымын және өзімнің үлесімді қосамын деген сенімдемін. Өйткені, бұл серіктестікке қосар жаңалығым, ұсынар жоспарым бар. Ол диссертациялық жұмысыма байланысты «Баянтай» ЖШС-де жаңа техникаларды пайдалану арқылы жұмсақ бидайдың өнімділігін арттыру жолдары болып табылады.

Осыған дейін қолданылған әдіс – трактор МТЗ, комбайн НИВА + шапқышы (жатка) болатынды. Бұл әдісте былай қарасаң өзінің жақсылық жағымен де көңілді тапты. Ал, бірақ қазіргі нарықтық заманда бұл технологияның тиімсіз жақтары көріне бастады.

Мысалға алатын болсақ, өздігімен жүретін шөпшапқы KSU-1 – елімізде мал шаруашылығы, малазығын дайындайтын шаруашылықтар үшін және сондай-ақ егістікпен айналысатын шаруашылықтарда егістік өнімдерді бөлектеп оратын әдістерді қолданған жағдайларда ең оңтайлы, заманауилы және тиімді шешім болып саналады.

Әмбебап KSU-1, өздігімен жүретін шөпшапқышы – жылдам (маневрлі), жеңіл, мықты және өнімділігі жоғары ауылшаруашылықтық техника болып табылады. Оның әмбебаптығы сонда, дестелеп шабылатын дақылдарды (дәнділер, майлы дақылдар, астық-бұршақтылар, бұршақтылар, жармалық дақылдар және малазықтық шөптер мен пішендемелер) таңдамай, сапалы түрде шабатын техника.

Бұл шаруашылықтағы техникаларды саралай келе, жаңа техникаларды қосатын болсақ, өнімділіктің жоғарылауы әбден мүмкін екенін көрсеткім келеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Лучшие люди Казахстана» баспасы. 2008 жыл.
2. «Production practices for improved grain yield and quality of soft wheats». Anderson, W.K.^{ab}, Sawkins, D.^c

Ғылыми жетекші: Сейтхожаев Ә.И. б.ғ.д. профессоры